

Республикалық және облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен берілген, бюджеттік несиелер бойынша өтелмеген борыштың сомаларын жергілікті бюджеттердің шоттарынан есептен шығару ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 46 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 24 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1407. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 206 бұйрығымен (V032367).

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес және жергілікті атқарушы органдарға бөлінген несиелерді уақытылы өтеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Республикалық және облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен берілген, бюджеттік несиелер бойынша өтелмеген борыштың сомаларын жергілікті бюджеттердің шоттарынан есептен шығару ережесін бекітілсін.

2. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 3 1 қ а ң т а р д а ғ ы
N 46 бұйрығымен бекітілген

**Республикалық және облыстық бюджеттерден,
Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен
берілген, бюджеттік несиелер бойынша өтелмеген
борыштың сомаларын жергілікті бюджеттердің
шоттарынан есептен шығару ережесі**

1. Осы Ереже қасалық алшақтықты жабуға республикалық және облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен берілген бюджеттік несиелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, Бұрын берілген несиелер бойынша борыштарды өтеу кестесіне (бұдан әрі Борыштарды өтеу кестесі) 2001 жылы енгізілген несиелер бойынша жергілікті бюджеттердің есебінен жергілікті атқарушы органдардың борыштарын есептен шығару тәртібін , оларды шартта немесе Борыштарды өтеу кестесінде

белгіленген мерзімдерде қайтармаған жағдайда реттейді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік несиелерді өтеуі несие шартында немесе төмен тұрған бюджеттің шығыстары мен кірістерінің тізімдемесіне сәйкес Борыштарды өтеу кестесінде көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

3. Жергілікті бюджеттердің шоттарынан есептен шығару несие шарты немесе Борыштарды өтеу кестесіне орай аудандық, қалалық бюджеттерден немесе облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен, оларды шартта немесе Борыштарды өтеу кестесінде белгіленген мерзімдерде қайтармаған жағдайда, олардың келісімінсіз тиісінше облыстық немесе республикалық бюджеттің шотына ақша аударуды білдіреді.

Бұл ретте несие шарты міндетті түрде республикалық және облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен берілген бюджеттік несиелер бойынша өтелмеген борыштың сомаларын жергілікті бюджеттердің шоттарынан есептен шығаруға арналған несие берушінің құқығын анықтайтын шартты қамтуы тиіс.

4. Республикалық бюджеттен берілген бюджеттік несиелерді алушы болып табылатын жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің тиісті аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі - қазынашылық бөлімшесі), несие шартының көшірмесін және жергілікті бюджеттің шығыстары мен кірістерінің тізімдемесіне тиісті өзгерістерді ұсынады.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) Борыштарды өтеу кестесін өзінің аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

6. Облыстық бюджеттен берілген бюджеттік несиені алушы болып табылатын жергілікті атқарушы орган облыстық қаржы органына несие шартының көшірмесін және жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстары тізімдемесіне тиісті өзгерістерді ұсынады.

7. Қазынашылықтың бөлімшесі, жергілікті атқарушы орган бюджеттік несиені несие шартында немесе Борыштарды өтеу кестесінде анықталған мерзімде өтемеген жағдайда, тиісті жергілікті бюджеттердің шоттарынан барлық шығыс операцияларын:

республикалық бюджеттен берілген бюджеттік несиелер бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығы;

облыстық бюджеттен берілген бюджеттік несиелер бойынша облыстардың жергілікті атқарушы органдарының өкімі негізінде тоқтата тұрады.

8. Жергілікті атқарушы орган шығыс операцияларын тоқтата тұрған сәттен бастап үш банктік күн ішінде бюджеттік несие бойынша борышты өтемеген

ж а ғ д а й д а :

қазынашылықтың бөлімшесі қаржылық рұқсат жазып береді және республикалық бюджеттен облыстық бюджетке, Астана және Алматы қаласының бюджетіне, Бірыңғай бюджеттік жіктеменің кірістер жіктемесінің тиісті кодына берілген бюджеттік несие бойынша өтелмеген борыштың сомаларын тиісті жергілікті бюджеттің шотынан мемориалдық ордермен есептен шығаруды жүзеге асырады ;

облыстық қаржы органы қаржылық рұқсат жазып береді және облыстықтан аудандық (қалалық) бюджетке, Бірыңғай бюджеттік жіктеменің кірістер жіктемесінің тиісті кодына берілген бюджеттік несие бойынша өтелмеген борыштың сомаларын есептен шығару үшін аудандық (қалалық) бюджеттің шотына төлем тапсырмасын - талапты ұсынады.

9. Тиісті жергілікті бюджеттердің шоттарынан қаражатты есептен шығару бюджеттік алулардың бірінші кезектілігін ескере отырып, оны толық өтеу сәтіне дейін өтелмеген борыш сомасында жүзеге асырылады.

10. Жергілікті қаржы органы қазынашылықтың бөлімшесі жазып берген бюджеттік шот бойынша үзінді көшірменің және төлем тапсырмасы - талаптың көшірмелерінің немесе мемориалдық ордерлердің негізінде тиісті бюджеттің атқарылуы туралы есептеуде және есепте бюджеттік несие бойынша борыштың өтелген сомасын көрсетеді.